



Сыр бойы

№119-120 (20995-20996) 9 тамыз, сенбі 2025 жыл

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

www.facebook.com/syrboyi.kz

www.instagram.com/syrboyi_kz

t.me/syrboyi_kz

twitter.com/syrboyi

/// ПРЕЗИДЕНТ



ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРІН ҚАБЫЛДАДЫ

Кеше мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ішкі істер министрі Ержан Сәденовті қабылдады.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа еліміздегі қылмыстық ахуал мен ішкі істер органдары жүзеге асырып жатқан Заң мен тәртіп қағидатының орындалуы туралы баяндалды. Президент құқық қорғау орган-

дарының кеңейтілген алқа отырысында берген тапсырмаларының орындалу барысымен танысты. Министрдің мәліметіне сәйкес, биылғы 7 айда қабылданған кешенді шаралардың нәтижесінде елдегі

қылмыс саны 9 мыңға азайған. Адам өлтіру, қарақшылық, денсаулыққа ауыр зиян келтіру, бұзақылық және тағы басқа негізгі қылмыс түрлерінің төмендеуі байқалады. Бұл істерді ашу деңгейі жақсарып келеді. Ауыр және аса ауыр қылмысқа қатысы бар 146 қылмыстық топ жойылды.

2-бет

СПОРТ: ҚЫЗЫЛОРДАНЫҢ ТӘЖІРИБЕСІ ӨЗГЕ ӨҢІРЛЕРГЕ ҮЛГІ

Кеше ҚР Президенті Әкімшілігінің басшысы Айбек Дәдебайдың төрағалығымен мәжіліс өтті. Күн тәртібінде спорт саласын дамыту мәселелері қаралды. Оған облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев селекторлық режим арқылы қатысып, баяндама жасады деп хабарлайды облыс әкімінің баспасөз қызметі.

2-бет

/// «ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА»

ӘЛЕУМЕТТІК СЕРІКТЕСТІК ЖӘНЕ НӘТИЖЕ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев «Қазақстан халқына» ҚҚ Басқарма төрайымы Ләззат Шыңғысбаевамен кездесті. Кездесуде қор демеушілігімен жүзеге асқан қайырымдылық бағдарламалары мен жобалардың нәтижелері туралы айтылды. Ұсыныстар мен алдағы жоспарлар талқыланды деп хабарлайды облыс әкімінің баспасөз қызметі.

2-бет

ҰЛТТЫҚ ЖОБАНЫҢ ИГІЛІГІ

Президент Әкімшілігінің басшысы Айбек Дәдебайдың төрағалығымен мәжіліс өтіп, күн тәртібінде «Жайлы мектеп» ұлттық жобасын іске асыру барысы талқыланды.

Аймақта ұлттық жоба аясында 2023 жылдан бері 6900 орындық 10 мектеп салынып, пайдалануға берілуде.

Облыс әкімдігі жергілікті бюджеттен бөлген 118 млн 400 мың теңгеге жоба-сметалық құжаттар әзірлеп, 1 млрд 700 млн теңгеге 10 мектептің инфрақұрылымы толық жеткізілді. Мектептердің іргелес аумақтарын абаттандыру мен жол салуға жергілікті бюджеттен 2 млрд 80 млн теңге бөлініп, жұмыс жүргізілді.

Бүгінде облыста 6 мектеп пайдалануға берілді. Оның 5-еуі әділет органдарында мемлекеттік тіркеуден өтіп, техникалық паспорты мен жер телімінің құжаттары әзірленіп, білім басқармасының теңгеріміне алынды. Тағы 1 мектепті «Самұрық-Қазына констракшн» акционерлік қоғамы алдағы күндері әкімдікке тапсырады. Қалған 4 мектептің 3-еуі жаңа оқу жылына дейін, 1 мектеп 2-тоқсанға дейін ел игілігіне табысталады.



АҚЫН РУХЫ АСҚАҚТАҒАН ОН КҮН



Фото: Ашық дереккөзден

Қазақ халқының рухани көсемі, ұлы ойшылы әрі реформатор Абай Құнанбайұлының 180 жылдығы биыл елімізде ауқымды түрде тойланып жатыр. Оның ішінде ақын дүниеге келген Абай облысы осы жылдың рухани орталығына айналды.

Онкүндік мерейтойлық шаралар легі 1 тамыз күні «Abai akademiasy» атты энциклопедиялық порталдың ашылуынан басталды. Абай мұрасын өскелең ұрпаққа насихаттауды мақсат еткен ғылыми-танымдық дереккөздің таныстырылымына Абай облысының әкімі Берік Уәли, зиялы қауым өкілдері, абайтанушы ғалымдар қатысты. Жоба жетекшісі Айжан Төбаракқызының айтуынша, онда ақынның өдеби, ғылыми, публицистикалық, эпистолярлық еңбектері текстологиялық сараптама негізінде түрлі форматта жинақталған. Материалдар Абай институттары, ғылыми орталықтар, архивтер мен мұражайлардан алынып, цифрлы түрде енгізілген. Сондай-ақ теле-радиохабарлар мен деректі фильмдер қамтылған.

Білуімізше, онкүндік іс-шаралар демеушілер көмегімен атқарылууда. Атап айтқанда, Семей қаласы мен Абай, облыстың өзге де аудандарында түрлі мәдени-рухани, танымдық, интеллектуалды бастамаларды жүзеге асыру жоспарланған.

– Абай тойының өңірімізге ең басты сыйлығы – Мемлекет басшысының қолдауымен басталған «Абайға құрмет» акциясы. Хакімнің тойында еліміздің әр өңірі жаңадан құрылған облысымызға бір нысаннан салып беретін болды. Маңғыстау Достық үйін, Шымкент шығармашылық орталық, Түркістан

көрме орталығын, Астана жайлы мектеп, Ақтөбе жекпе-жек, Павлодар облысы үстел теннисі орталықтарын салуға, Шығыс Қазақстан Ертіс жағалауын жасап беруге ынта білдіріп отыр. Өзге өңірлерден де осындай ұсыныстар бар, – дейді аймақ басшысы.

4-бет



ТАЗАЛЫҚТЫ ТУ ЕТКЕН ҚЫЗЫЛОРДА

Республикалық «24 kz» телеарнасының «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық бағдарламасы туралы арнайы сюжетіне сәйкес тазалық көрсеткіші жөнінен Қызылорда облысы бірінші орынға шықты.

Оның да жөні бар. Өйткені өңірдің барлық елді мекенінде санитарлық тазарту, абаттандыру және көркейту-көгалдандыру жұмыстары қарқынды түрде жүргізіліп келеді. Облыс әкімдігінің мәліметіне сүйенсек, тазалық шараларына құрамында ерікті, бюджет саласы мен кәсіпорын қызметкерлері бар, 190 мыңнан астам адам қатысты. 8 мың тоннадан астам қоқыс қалдығы шығарылып, елді мекендердегі 471 сквер мен парк, 221 тарихи-мәдени ескерткіш, 998 әлеуметтік нысан (мектеп, балабақша, спорт, денсаулық сақтау мекемелері және тағы басқа), 2820 өнеркәсіп және бизнес нысанының аумағы, 35 су объектісі (өзен, көл, субұрқак, арық, жасанды су

айдындары және өзгелер) мен 23124 көшенің бойы (4025 көпқабатты, 19099 жер үйдің ауласы) тазартылды. Оған 540-тан астам техника жұмылдырылды. Жыл басынан бері өңірдің климатына сәйкес келетін жерсінген қарағаш, терек және Сыр талының 240700 көшеті егілді.

Мұндай жұмыс облыс орталығында «Қызылорда тазалығы» мекемесіне жүктелген. Кәсіпорын 500-ден астам көшенің санитарлық тазалығына жауапты. 916 көпқабатты тұрғын үй мен жеке сектор бойынша 563 көшеден тұрмыстық қатты қалдық шығарылады. Жыл басынан бері полигонға 65 мың тоннадан астам қоқыс тасымалданды. Қаланың сани-

тарлық тазалығына және тұрмыстық қатты қалдық шығаруға 93 арнайы техника жұмысқа жұмылдырылған.

Бұл жұмыстарды Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен қолға алынған «Таза Қазақстан» экологиялық акциясының жүзеге асырылу нәтижесі дей аламыз. Айта кетейік, қоршаған ортаны қорғауға, тазалық мәдениетін дәріптеуге бағытталған экологиялық акция қоғамның зор қолдауына ие болды. Игі бастамаға үн қосқан сыр-бойылықтар да бірліктің үлгісін көрсете білді.

Назерке САНИЯЗОВА,
«Сыр бойы»



ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРІН ҚАБЫЛДАДЫ

Полиция өндірісіндегі барлық қылмыстық іс бойынша азаматтардың 28 миллиард теңгеден астам шығыны өтелді.

Ержан Сәденов қылмыскерлерді іздестіру жұмыстарының нәтижесі туралы баяндады. Есепті кезеңде іздеуде жүрген 956 адам ұсталды, олардың 24-і шетелден Қазақстанға экстрадицияланды. Хабар-ошарсыз кеткен 600 адамның, соның ішінде 125 кәмелетке толмағанның жүрген жері анықталды.

Интернет-алаяқтыққа қарсы іс-қимыл аясында 6 call-орталық жойылды, 67 миллион жалған қоңырау мен 3 мыңнан астам алаяқтық сайт бұғатталды. Алаяқтардың 2,8 миллиард теңгені шығаруына жол берілмеді.

11 тоннадан астам есірткінің айналымға түсуіне тосқауыл қойылып, 19,5 мың есірткі сайты бұғатталды.

Сондай-ақ министр мас күйде жасалатын қылмыстың алдын алу, кадрлық әлеуетті арттыру және қылмыстық-атқару жүйесін жетілдіру шараларына тоқталды.

Кездесу соңында Президент еліміздегі құқықтық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздікті одан әрі арттыруға қатысты бірқатар міндет жүктеді.

1-бет

ДӘНЕКЕРЛІК ТӘРТІБІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан инвесторлар қауымдастығының төрағасы Болат Ақшолақовты қабылдады.

Президентке Инвесторлар қауымдастығы қызметінің басым бағыттары мен негізгі бастамалары таныстырылды. Бұл ұйым Мемлекет басшысының ақпан айындағы ірі бизнес өкілдерімен кездесуде берген тапсырмасына сай құрылған болатын.

Қауымдастықтың мемлекет пен инвесторлар арасындағы дәнекерлік рөлін көрсететін ауқымды күн тәртібі талқыланды. Ең алдымен шешілуге тиіс міндеттер ретінде экономиканы ырықтандыруға, мемлекеттің бизнеске араласуын азайтуға, мемлекеттік басқару жүйесіне цифрлық шешімдер мен жасанды интеллект технологияларын енгізуге баса мән берілді.

Бұдан бөлек, салық жүйесін жаңғырту, монополияға қарсы саясатты жетілдіру, жекешелендірудің тиімділігін арттыру және мемлекеттік сатып алуды реформалау мәселелері қозғалды.

Болат Ақшолаков отандық бизнестің ұлттық рейтингін іске қосу жөніндегі ұсынысын жеткізді.

Мемлекет басшысы бұл бастамаларды қолдап, инвестициялық климатты жақсарту және орнықты экономикалық өсімді қамтамасыз ету тұрғысынан оларды жүзеге асыру маңызды екенін атап өтті.

КӘСІПКЕРЛЕР ҚҰҚЫҒЫН ҚОРҒАУДЫ КҮШЕЙТУ МАҢЫЗДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Кәсіпкерлердің құқығын қорғау жөніндегі уәкіл Қанат Нұровты қабылдады.

Президентке бизнес-омбудсменнің 2024 жылы атқарған жұмысының нәтижелері туралы есеп берілді.

Қанат Нұров кәсіпкерлердің құқығы бұзылуына қатысты келіп түскен 3275 шағымның 1759-ы (53,7%) бойынша оң шешім қабылдағанын жеткізді. Соның нәтижесінде 20 миллиард теңгеден астам шығынның алдын алуға мүмкіндік туды. Жалпы арыз-шағым саны 12 пайызға азайған. Бұл әкімшілік әділет институтының тиімділігін көрсетеді.

Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау мақсатында бизнестің дамуын тежейтін басы артық әкімшілік кедергілерді анықтауға және жоюға баса мән берілді.

Сонымен қатар бизнес-омбудсмен кәсіпкерлік қызметті реттейтін нормативтік-құқықтық актілерге өзгерістер енгізуге қатысты бірқатар ұсынысын жеткізді. Кейбір жекелеген жағдаяттар бойынша тиісті реттеуші және құқық қорғау органдарына талап-арыз жолданды.

Кездесу соңында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев кәсіпкерлердің құқығын қорғау шараларын одан әрі күшейту маңызды екеніне назар аударды. Мемлекет басшысы Кәсіпкерлікті қорғау стратегиясын жүзеге асыру аясында қордаланған проблемаларды шешуге бағытталған бірқатар тапсырма берді.

СПОРТ: ҚЫЗЫЛОРДАНЫҢ ТӘЖІРИБЕСІ ӨЗГЕ ӨҢІРЛЕРГЕ ҮЛГІ



Аймақта денешынықтыру және спортты дамыту бағытында жүйелі жұмыстар жүргізіліп, ауқымды жобалар қолға алынған. Биыл бұл салаға жергілікті бюджеттен 38 млрд 213 млн теңге қаржы бөлінді.

Өңірде 340 мыңнан астам тұрғын спортпен жүйелі түрде айналысады. Бұл – облыс халқының 40,4 пайызы. Спорт резервін және спортшыларды даярлайтын 33 спорт мекемесі жұмыс істейді. Соңғы үш жылда 20 спорт кешені пайдалануға берілді. Алдағы уақытта «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы аясында ауылдарда тағы 6 спорт нысаны ел игілігіне табысталамақ.

Жуырда Қызылорда қаласында балалар мен жасөспірімдерге арналған «Сыр жұлдыздары» шығармашылық-инновациялық академиясы ашылды. Сонымен қатар, ерлер мен әйелдерге арналған тұңғыш «Қызылорда бокс клубы» өз жұмысын бастады.

Мемлекет басшысының қолдауымен салынып жатқан Қызылорда қаласында 26 млрд 500 млн теңгеге 11 мың орындық жаңа стадион

қыркүйек айында ашылады. Оған қоса, 20 млрд 500 млн теңгеге көпбейінді «Qyzylorda Arena» спорт кешенінің құрылысы қарқынды



ӘЛЕУМЕТТІК СЕРІКТЕСТІК ЖӘНЕ НӘТИЖЕ



«Қазақстан халқына» қоры аймақта 10,1 млрд теңгенің әлеуметтік жобаларын жүзеге асыруда. Оның 4,8 млрд теңгесі денсаулық сақтау, 2,7 млрд теңгесі білім беру және 2,6 млрд теңгесі спорт саласына бағытталған.

2022 жылы облыстық көпбейінді балалар ауруханасы базасында, былтыр Жаңақорған ауданында «Қам-қорлық» балаларды оңалту орталықтары ашылып, 3500-ден астам бала оңалтудан өтті. Орфандық дертке шалдыққан 20 наукас 2,4 млрд теңгеге, онкологиялық және онкогематологиялық аурулармен ауыратын 26 наукас 466,2 млн теңгеге дәрі-дәрмекпен қамтылды. Қан тамыры патологиясы бар 4 бала 640 мың теңгеге ем алды. Онкологиялық скрининг жүргізуге арналған екі жылжымалы медициналық кешен 1,1 млрд теңгеге сатып алынып, 6 мыңнан астам тұрғын тексеруден өтті. Балалар нейрхирургиясын дамыту үшін 92,2 млн теңгеге құрал-жабдықтар әкелінді.

Сонымен қатар, генетик пен УДЗ маманы шетелде оқытылып, 4,19 млн теңгеге трансплант-үйлестіруші даярланды. Көз қабығын трансплантациялаудың 171 отасы жасалып, облыс бойынша 5 наукасқа 6 млн теңгеден көмек көрсетілді. Жаңа-қорғандағы оңалту орталығы 562 млн теңгеге медициналық жабдықтармен жарақталды. Биыл облыстық балалар ауруханасы жанынан Ерте араласу орталығы ашылып, оны жабдықтауға 69,7 млн теңге бөлінді. Байқоңыр

қаласында да балаларға арналған оңалту орталығын іске қосу көзделуде. 2022-2024 жылдары аудан орталықтарындағы 6 тірек мектептің әрқайсысына 250 млн теңгеден, жалпы 1,5 млрд теңге бөлініп, пән кабинеттері, спорт зал, асхана, акт залы жаңғыртылды. Биыл Сырдария ауданындағы №36 және Байқоңыр қаласындағы №277 мектептердің материалдық-техникалық базасын нығайтуға 500 млн теңге бөлінді. Ерекше білім беруді қажет ететін балаларға арналған №5, 6, 7 интернаттардың инфрақұрылымын жақсартуға 99,5 млн теңге жұмсалды. 2023 жылы «Болашақ инженерлер» жобасы аясында 9 мектеп робототехника құралдарымен қамтамасыз етіліп, оған 32,4 млн теңге бағытталды. Сонымен қатар, 2023-2024 оқу жылында 68 студенттің оқуына 365,2 млн теңге, ал 2030 баланың жазғы лагерлерде тынығуына 217,1 млн теңге бөлінді.

Қармақшы және Сырдария аудандарындағы балалар мен жасөспірімдерге арналған спорт залдарына 17,5 млн теңгеге жабдықтар жеткізілді. Шиелі ауданының Досбол датқа ауылында салынған спорт кешені осы жылдың ақпанында пайдалануға берілді.

Кездесуде Ләззат Шыңғысбаева «Қазақстан халқына» қоғамдық қоры мен Қызылорда облысы арасындағы жолға қойылған тұрақты әріптестік байланыс одан әрі жалғасатынын жеткізді.

«СБ» ақпарат

АЛДАҒЫ ЖҰМЫС БАҒЫТЫ ПЫСЫҚТАЛДЫ



Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев «BI-Holding» ЖШС директорлар кеңесінің мүшесі Бауыржан Исабаевпен кездесті. Онда атқарылған жұмыстар мен алдағы жоспарлар талқыланды.

Аймақ басшысы «BI-Holding» ЖШС атқарған жұмыстарға алғысын білдірді.

Еске салайық, мердігер компания Қызылорда қалалық мәдени және демалыс паркін қайта жаңғыртудан өткізіп, «Сыр жұлдыздары» шығармашылық-инновациялық орталығын салды. Президент сабағын қайта жаңғырту жобасына түзетулер енгізіліп, оған 300 орындық балалар лагері және қысқы бақ қосылды. Қазіргі таңда осы жобалар шеңберінде бірлесіп жұмыс атқарылууда.

Аймақ басшысының қолдауымен қайта жаңғыртылған парк кіреберісіне жаңадан арқа орнатылды. Қоршауы толықтай жаңартылды. Келушілердің жас ерекшеліктеріне сәйкес 20-ға жуық аттракцион, кафе орналастырылатын және балалар ойын алаңдары қарастырылған. Ашық аспан астында концерттік бағдарлама қоюға 100 адамдық амфитеатр сахнасымен бірге салынған.

Шығармашылық-инновациялық орталық 500 орынға арналған. Оның ішінде 68 орындық 2 бассейн, топтық жаттығу бөлмесі, фитнес, үстел ойындары кабинеті, 2 жекпе-жек, 4 үстел теннисі залы, әр залда ұлдар және қыздардың киім ауыстыру бөлмесі бар. Көркемдік-эстетикалық бағытты таңдаушыларға балалар шығармашылық шеберханасы, сәндік-қолданбалы өнер, дыбыс жазу, робот жасау және жасанды интеллект, 3D модельдеу, КИП және автоматтандыру, киберспорт және математика кабинеттері, биотехникалық лаборатория қызмет көрсетеді.

Президент саябағында бой көтеретін «BOTANICUM» ботаникалық білім беру орталығы аумағын заманауи стандарттарға сай абаттандыру және көгалдандыру жоспарланған.

300 орындық балалар лагеріне 6 гектар жер учаскесі белгіленген. Бұл жерде спорт блогы, іс-шараларға арналған event-аймақ, 4 тұрғын аумақ, қонақ үй үлгісіндегі шағын ғимарат, 5 дәстүрлі үлгідегі киіз үй, ашық бассейн, стадион, футбол алаңы, сахна және басқа да демалыс орындары мен техникалық құрылыс нысандары салынады.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі

БРИФИНГ



КӨЛЕҢКЕЛІ
ЭКОНОМИКА
ӨСІМДІ
ТЕЖЕЙДІ

Қызылорда облысы бойынша экономикалық тергеп-тексеру департаментінің басшысы Аслан Кеңес өңірлік коммуникациялар қызметінде брифинг өткізіп, жыл басынан бері атқарылған жұмыстарды таныстырды.

Оның айтуынша, 7 айдың қорытындысы бойынша департаменттің өндірісінде 37 қылмыстық іс тіркелген, оның 32-сі ауыр санаттағы істер. Бүгінде 29 қылмыстық іс аяқталған, бұл өткен жылмен салыстырғанда 14 пайыз жоғары.

Қылмыстық істер бойынша мемлекетке келтірілген залал 784 132 520 теңге. Оның 248,6 млн теңгесі тікелей өндірілсе, 549,7 млн теңге мүлікке тыйым салу арқылы өтелген.

Еліміздің тұрақты дамуына кедергі келтіретін құқықбұзушылықтарға қарсы күресте жүйелі түрде жұмыс жүргізілуде. Біздің басты міндетіміз – заңбұзушылықтарды анықтап қана қоймай, олардың алдын алып, себептерін жою арқылы қауіптің тамырын кесу. Өкінішке қарай, бүгінде азаматтар оңай табысқа қызығып заңсыз әрекеттерге барып, ел экономикасына орасан зиян келтіруде. Жыл басынан бері көлеңкелі экономика, жалған кәсіпкерлік, бюджет қаржысын жымқыру деректері бойынша ондаған қылмыстық іс тіркеліп, департамент мандарының атқарған жұмыстарының нәтижесінде мемлекеттің мүлкі мен қаржысына жасалған қол сұғушылықтарға дер кезінде тосқауыл қойылды, – дейді департамент басшысы Аслан Кеңес.

Департамент қылмыстық кірістерді заңдастыру деректерін анықтау, салық саласындағы қылмыстық схемаларды әшкерелеу, жосықсыз микроқаржылық ұйымдар қызметін тоқтату, әлеуметтік осал топтарға арналған қаржылық сауаттылықты арттыру лекцияларын өткізу бағыттары бойынша жұмыс атқаруда. Нәтижесінде 5 қаржы пирамидасының («Warner Bros», «HRT», «Fashion Star», «Rain BNB», «Асар баспана») қызметі тоқтатылды. «Qnet» пирамидасы бойынша апелляциялық сот шешімімен 301,8 млн теңгенің мүлкі төркіленіп, жәбірленушілерге шығынды өтеу тапсырылды.

Департамент пен агенттік қызметкерлері кәсіпкерлік, мемлекеттік сатып алу, салық саласы бойынша профилактикалық түсіндіру жұмыстарын тұрақты жүргізіп келеді. Соның өзінде жеңіл ақша табуды көздегендер қатары азаймай тұр. Мәселен, жуырда Қармақшыда №99 мектептің есепшісі 2022-2024 жылдар аралығында артық аванстық төлемдерді өзінің жеке есепшотына және 6 сыбайлас мұғалімнің есепшотына жүйелі түрде негізсіз аударып, бұл соманы бухгалтерлік есепте жасыру үшін өзінің танысымен бірге әрекет еткен. Нәтижесінде мемлекетке 50918541 теңге залал келтірілген. Аталған қылмыстық іс бойынша 8 тұлғаға қатысты Қармақшы аудандық сотының үкімімен есепші 7 жыл бас бостандығынан айырылды. Ал оның сыбайластарына келтірілген шығынның (8421933 теңге) өндірілуіне байланысты 3,5 жылдан 7 жыл аралығында бас бостандығын шектеу жазасы тағайындалды. Мұндай әрекеттер жыл өткен сайын көбеймесе, азаяр емес, – дейді департаменттің тергеу басқармасының басшысы Медеу Таубай.

Жиын барысында алаяқтық схемаларға, оның ішінде қаржылық пирамидалар мен интернет-алаықтыққа қарсы алдын алу шаралары бойынша ұйымдастыру-бақылау басқармасының аса маңызды істер жөніндегі тергеушісі Майра Оралбаева кенінен тоқталды.

Жыл басында қаржылық мониторинг агенттігімен бірлесіп, Қызылорда қаласының мектеп оқушылары арасында қаржылық сауаттылықты арттыру мақсатында «PHYGITAL» сайысы, зейнеткерлер, мұғалімдер мен медицина қызметкерлері үшін қаржылық пирамидалар мен интернет-алаықтыққа қатысты арнайы кездесулер ұйымдастырылды. Сонымен бірге, Қорқыт ата университетімен бірлесіп жастар қолонтерлік қозғалысы құрылып, интернет-алаықтыққа қатысты 2913 сайт бұғатталды. Департамент өкілдерінің қатысуымен «Заң мен тәртіп» тақырыбында үш университет пен сегіз колледжде 3600 студентке түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Алдағы уақытта да мұндай шаралар жалғасын табады. Бұл жұмыстар азаматтардың қаржылық сауаттылығын арттырып, экономикалық қауіпсіздікті нығайтуға бағытталған маңызды қадамдардың бірі, – деді ол.

Брифинг соңында Аслан Кеңес БАҚ өкілдерінің сұрақтарына жауап бере отырып, қоғамның құқықтық санасын арттыру жолында журналистердің белсенділігі маңызды екенін атап өтті. – Жалған кәсіпкерлік, заңсыз айналым, контрабанда және алаяқтық схемалары бойынша ақпарат алмасып, бірлесіп жұмыс істеуге шақырамыз,– деді ол.

Мейрамгүл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ,
«Сыр бойы»

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТУРНИР

ТАЛАЙ ШӘКІРТ ШЫҢДАҒАН

Сыр өңірінде ҚР еңбек сіңірген жаттықтырушы, талай спортшының бағын ашқан белгілі бапкер Велорий Пак жүлдесіне арналған ересектер арасында халықаралық турнир өтуде.

Білікті маман аймақтың ғана емес, еліміздің спортын әлемдік деңгейде дамытуға сүбелі үлес қосты. Шәкірттері әлемдік аренаның биік шыңдарын бағындырып, даңқты спортшыларға айналды. Олардың қатарында Алмас Өтешов, Илья Ильин, Қуаныш Рахатов, Олег Шин, Роман Русяновский, Александр Зайчиков бар. Ол 60-тан астам спорт, 12 халықаралық дәрежедегі және 3 ҚР еңбек сіңірген спорт шеберін дайындады.

Республикалық турнирге еліміздің әр өңірінен 100-ге жуық зілтемірші келді. Олар ерлер және әйелдер бәсекесі бойынша 8 салмақта сынға түсуде.

Салтанатты шараның ашылуына облыс әкімінің орынбасары Мейрамбек Шермағанбет, білікті бапкер Велорий Пак және өзге де азаматтар қатысып, жарыс қатысушыларына сәттілік тіледі.

Киелі Сыр елінің тумасы, облыстың құрметті жаттықтырушысы Пак Велорий Викторович ұзақ жылдар бойы еліміздің спортына адал еңбек етті. Ауыр атлетика саласының дамуына өлшеусіз үлес қосты. Республикалық турнирдің маңызы да ерекше. Себебі әр аймақтан жиналған мықты зілтеміршілер жарыс алаңында өз мүмкіндігін көрсетіп, жеңіске деген жігерін танытады, – деді облыс әкімінің орынбасары.



Шара барысында облыс әкімінің Алғыс хаты табысталып, қазақтың дәстүріне сай құрмет көрсетті.

Өз кезегінде құрметті жаттықтырушы турнирді жоғары деңгейде ұйымдастыруға атсалысқан барша қызылордалық жанкүйерлерге, спортшыларға және сала қызметкерлеріне алғысын жеткізді.

Биыл зілтеміршілер арасындағы мұндай беделді бәсеке облыс әкімінің қолдауымен алғаш рет өткізілуде. Бұл халықаралық деңгейдегі жарыстардың күнтізбелік жоспарына енгізілді. Енді дәстүрлі түрде жыл сайын халықаралық деңгейде ұйымдастырылады.

«СБ» ақпарат

Бүгінде Сырдария ауданы серпінді даму үстінде. Әрбір ауылда іргелі істер қолға алынып, жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Мемлекеттік бағдарлама шеңберінде бірқатар жоба қолға алынып ауыл тіршілігіне жан кіре бастаған. Оның ішінде Сәкен Сейфуллин ауылында біршама жұмыс атқарылуда. Өйткені, биыл күзде елді мекен 50 жылдық мерейлі тойын атап өтпек. Газет тілшісі ауылдық округте болып, атқарылып жатқан шаруаларды көріп қайтты.



СӘКЕН АТТЫ
АУЫЛ БАР

Тарихтан там-тұм

Ауданға жақын орналасқан шағын ғана Сәкен ауылы – өз-өзімен тіршілік кешіп, берекелі өмір сүріп жатқан мекен. Тарихы өткен ғасырдың 30-жылдарынан басталатын округ әуеліде кішігірім «1 Май» және «Құндызды» атты екі колхоздан құрылды. Одан соң 1949 жылы бірігіп Каганович колхозын, 1959 жылы Аманкелдімен қосылып Ленин атауын алды. Кейін тағы да колхоздар бірігіп ХХІ партсъезд атындағы совхозға айналды. Ал 1975 жылы Сәкен Сейфуллин атындағы совхоз болып, өз алдына отау тікті.

Бүгінде 1630 тұрғыны бар ауылда даму жолына түсіп, берекелі өмір сүруде. Онда 10 көше, 460 орындық №137 орта мектеп, 90 орындық «Ақ көгершін» бөбекжай балабақшасы, дәрігерлік амбулатория, 150 орындық ауылдық клуб үйі, №4 модельді кітапхана, мал дәрігерлік пункт, учаскелік пункт, Міркемел Кәлпе мешіті, және «Қазпошта» бөлімшелері халыққа қызмет көрсетеді. Ауыл халқы 100 пайыз ауызсумен қамтамасыз етілген. Ауылда балаларға арналған 4 ойын алаңы бар. 6 көше жарықтандырылып, 3 шақырым жолға тротуар салыныпты.

«Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы аясында 6 көшенің автотомбиль жолдарына күрделі жөндеу жүргізілген.

Бір қуаныштысы, былтыр елді мекенді газдандыру жұмысы толық аяқталып, тұрғындардың 90 пайызы «көгілдір отынмен» қамтамасыз етілген.

Биыл да іргелі істер бастау алған. Ең негізгі нысанда орналасқан үш көшеге күрделі жөндеу жасалуда. Мал ұрлығы және құқықбұзушылықтың алдын алу, анықтау мақсатында негізгі көшелерге 5 млн теңгеге 6 бейнебақылау камерасы орнатылған. Барлығы толық жұмыс жасап тұр. Соның арқасында ауылда ұрлық-қарлық азайып, бұзақылық та тыйылған.

Ауылдық округ бойынша 85 кәсіпкерлік субъекті тіркелген. Оның ішінде 80 жеке кәсіпкер, 3 шаруа қожалығы және 2 жауапкершілігі шектеулі серіктестік бар. Мемлекеттік бағдарламалар бойынша өткен жылы Қызылорда



өңірлік инвестициялық орталығы арқылы 2 жоба мақұлданып, қаржыландырылған. Аграрлық несие корпорациясы «Агробизнес» бағдарламасы бойынша да 2 жоба мақұлданып, қаржыландырылды. «Бастау бизнес» оқу курсына 8 адам қатысып, олар мемлекеттік қайтарымсыз грант алып, жұмыс істеуде.

«С.Сейфуллин-Жер», «Құндызды-Жер», «Желкен Вент» ЖШС, «Жандос» шаруа қожалығы және жеке кәсіпкер Қуаныш Сайран аз қамтамасыз етілген, асыраушысынан айырылған, көпбалалы отбасы мен мүмкіндігі шектеулі жандарға азық-түлік және заттай қайырымдылық көрсетеді. Сонымен қатар мектеп, балабақша, клуб мекемелерінің іс-шараларына, балалардың жазғы демалысына тұрақты демеушілік жасап келеді. Ауылда 7 дүкен, 2 монша бар.

Заманауи үлгіде
жаңарады

Ауылда бір ғана орта мектеп бар. Біршама жылдан бері күрделі жөндеу көрмеген білім мекемесін заманауи үлгіде жаңарту көпшіліктің талап-тілегінен туындаған екен. Ашылғанына 50 жылға жуық уақыт болған білім ордасына бұған дейін тек жай жөндеу жұмысы жасалған.

Құрылыс басында бізді ауыл әкімі Бекзат Қыдырбаев күтіп алды. Құрылысты «Н-Строй сервис» серіктестігі мекемесі жүргізуде. Қазір жұмыстың 80 пайызы аяқталған, ішкі жақта әрлеу және сырлау жүргізілуде. Қыркүйек

айында оқушылар жана кейіпке енген мектептің табалдырығын аттайды. Жалпы күрделі жөндеуге облыстық бюджеттен 309,1 млн теңге бөлінген.

Барлық жерде қандай құрылыс болсын, соңғы үлгіде салынып жатыр. Біз де ішкі жұмыстарына өзгеріс енгіздік. Мұнда спорт залдың едені ағаштан емес, резенкеден жасалады. Бояуы да «Жайлы мектептің» жобасында сырланады. Ішкі жұмыстың жарысынан астамы аяқталды, – дейді ауыл әкімі.

50 жылдыққа орай ауылдан шыққан танымал акын-жазушыларға арнайы кабинет жасакталып, олардың жаңа туындыларының тұсаукесерін өткізу жоспарда бар. Жалпы мектепте 380 оқушы білім алады. Биыл оқу жылында 30 оқушы түлеп ұшса, оның 3-уі «Алтын белгі», 7-уі «Үздік аттестат» иегері. ҰБТ сынағына бітірушілердің 80 пайызы қатысып, орташа балл 83,3 болыпты.

50 жылда ел жаңа

«Ауылына қарап, азаматын таны» деген. Биыл елді мекеннің құрылғанына 50 жыл толуына орай дайындық жұмысы басталып кеткен тәрізді. Бұл істе әдеттегідей ауыл әкімі белсенділік танытып жүргені байқалады. Осы жердің тумасы, екі рет қатарынан әкімдікке сайланған Бекзат Қыдырбаевтың іскерлігі көрініп тұр. Сөзі мен ісі үйлескен, әр істің басында өзі жүр. Тіпті жұмысшы жетіспей жатса, оған да кірісіп кетеді. «Ауылды алдыңғы қатарға қосқым келеді», – дейді ол.

Біз барған орта мектеп те, ауыл клубы да үлкен бір көшенің бойына орналасқан. Сол Ә. Байназарұлы атындағы көше биыл күрделі жөндеуден өтуде.

Аймақ басшысының қатан талабын білетін құрылыс мекемелері бірінші жұмыстың сапасына мән береді. Оны облыс, аудан басшылары, техникалық қадағалау орындары, жергілікті халық бақылап отыр. Қазір талап бойынша жолдың ені 5,75 метр, қалыңдығын 7-8 см етіп артығымен төсейді. Себебі ол тартылып кетіп, қысқаруы мүмкін. Кепілдік мерзімі 2 жыл. Бұрын мұндай уақытқа берілмейтін. Жол жөндейтін мекемелер бір істі қайта келіп жасамас үшін, барлығын тыңғылықты орындап кетуге тырысады. Осы үш көше толық жөнделсе, ауылдағы жолдың мәселесі 100 пайызға шешімін тапқалы тұр, – дейді ол.

Ауылда мұнан өзге атқарылған тірлік көп. Халыққа қажетті ең негізгі – ауызсу мен жарық, газ бар. Дегенмен электр бағаналарын толық қайта жаңғыртудан өткізу керек. Ол іс те таяуда жүзеге асып қалады. Қысқасы, бұл ауылда жаңашылдық, өзгеріс, толымды істер байқалады. Бюджет қаражатына орай әлі де жасалатын жобалар бар.

Айтқандай, мерейтойға орай демеушілер көмегімен клубтың жанынан орталық алаң салынып, онда субұрқақ, әдемі гүлзар жасалады. Бас демеуші Абзал Ералиев субұрқақ салуға көмек беріпті. Жұдырықтай жұмылып, алға қарай ұмтылып, табанды тірлік етіп жатқан Сәкен ауылындағы серпінді істер, міне осындай.

Айсауле ҚАРАПАЕВА,
«Сыр бойы»
Қызылорда-Сырдария-Қызылорда



«Жүрегіңнің түбіне



АҚЫН РУХЫ АСҚАҚТАҒАН ОН КҮН

Онкүндіктің алғашқы күні Семейдегі Бейбітшілік аралында этноауыл ашылып, суретші Аңсаған Мұстафаның «Көңілге түрлі ой салар» атты көрмесі келушілер назарына ұсынылды. 10-нан астам киіз үй тігілген этноауыл қонақтары ұлттық тағамдардан дәм татып, қазақ халқының, өзге этностардың мәдениетімен танысуға мүмкіндік алды. Сондай-ақ колөнер шеберлерінің «Асыл мұра» атты облыстық фестивалі ұйымдастырылып, қорытындысында «Аламан құрақ-2025» байқауының жеңімпаздары марапатталды. Көпшілік қауым кешкілік «Арена» мәдени-спорт кешенінде «Адамзаттың алыбы – хакім Абай» атты мерейтойлық гала-концертті, «Asran Cinema» ашық аспан астында кино көрсетілімін тамашалады.

Ақын мерейтойына арналған іс-шаралар арасынан ауқымдысы ретінде қазақ күресінен

республикалық чемпионат пен Халықаралық сән көрсетілімін ерекшелеуге болады. Ел кубогі сарапқа салынған спорттық сайыста еліміздің 17 өңірінен 400-ге жуық балуан бақ сынап жатыр. Абай облыстық денешынықтыру және спорт басқармасының басшысы Ержан Әбілқасымов бұл спорттық дода ғана емес, халқымыздың рухани мұрасын дәріптейтін маңызды шара екенін атап өтті.

– Абай Құнанбайұлының 180 жылдығына арналған чемпионатты Абай облысында өткізу — біз үшін үлкен құрмет. Абай өңірі — қазақ күресінің қарашанырағы десек болады. Ел намысын қорғап жүрген Қазақстан мен Әлем барыстары дәл осы жерден шыққан. Біз бұл дәстүрді жалғастырып, күресті одан әрі дамытуға күш саламыз, — дейді ол.

Сәрсенбінің сәтінде мәдени шаралар аясында «Абай рухы» атты халықаралық сән көрсетілімі болды. Қазақтың дәстүрлі киім үлгілерін қазіргі

заман талабына сай жаңғыртуды мақсат еткен жобаға Қарағанды, Астана, Алматы және Өскемен қалаларынан келген жас дизайнерлер қатысты. Сонымен қатар Қырғызстаннан келген дизайнерлер де жастарға арналған жаңа топтамаларын ұсынды. Олар маталар мен ою-өрнектер арқылы Абайдың рухани мұрасын жаңа қырынан танытуға тырысты.

Сол күні кешкілік Абай атындағы театрда Қазақстанның халық артисі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Шахмардан Әбіловтің «Толық адам. Ой толғау. Хакім Абай» атты монооперасы сахналанды. Қойылым Абайдың 11 өлеңі мен 80 шумақтан тұратын монологтарынан құралған. Шығармада ақынның рухани ізденісі, адамзатқа көзқарасы, дүниетанымы мен терең философиялық толғамдары көркем сахналық тілмен өрілді. Көрермен кеш барысында Абай әндерінен қуат алды.

Ал ертеңіне зағип және нашар көретін

азаматтарға арналған кітапхана ашылып, «Өлең – сөздің патшасы» атты ақындар мүшәйрасы ұйымдастырылды. Іс-шаралар легі «Абай елі – өнер кеніші» концертіне ұласты. 7-тамыз «Семей-Қарауыл» жүгіру марафоны және «Жастықтың оты жалындап» атты гала-концертпен ерекшеленді. Ал кеше өткен «Адамзаттың Абайы» атты республикалық ақындар айтысы мерейтойдың мерейін тасытты. Еліміздің түкпір-түкпірінен аузы дуалы ақындар қатысқан жыр додасына қомақты жүлде тігілді. Бас жүлде иегеріне жеңіл автокөліктің кілті тапсырылады. Жүлдегерлер мен өзге қатысушыларға ақшалай сыйлық беріледі.

Бүгін Семейде рухани-мәдени іс-шаралар жалғасын тауып, мерейтой ертең Абай ауданында қорытындыланады.

Назерке САНИЯЗОВА,
«Сыр бойы»

1-бет

Абай Құнанбайұлының шығармашылығы саяси, әлеуметтік және адамгершілік мақсатты қамтиды және адам болмысының маңызды мәселелерін қозғайды. Қоғамның моральдық ахуалын өз «Қара сөздерінде» ой елегінен өткізген Абай қазақ халқының идеалды басқаруы, көсемдігі мен азаматы туралы ой-пікірін білдіреді. Абайдың саяси дүниетанымы тек билік институтының ішкі мәніне қатысты ойларынан ғана емес, қоғамдағы әділеттілік, заңдылық, ұлт бірлігі мен ұтқыр көш-басшылық сауалдарына да тоқтайды. «Қара сөздер» қазақ қоғамындағы тақырыптарды қозғайды және қазақ халқының саяси, рухани, ағартушылық және адамгершілік өміріне түсініктеме беретін саясаттанулық сипат иеленеді. Осы елеулі тұжырымдарына қарамастан, Абайдың басқару төңірегіндегі дискурс ретінде анықталған саяси философиясы аз зерттелген. Бұл мақалада Абай «Қара сөздері» негізінде ұлы ақынның негізгі саяси ұстанымдарын бағамдағымыз келеді.

Абайдың үшінші сөзін саяси көзқарастарға толы деуге негіз бар. Үшінші сөзінен билікке қатысты тұжырымдарды аңғаруға болады. Мұнда саяси тұжырымдамалық көріністен мынадай үш негізгі мәселелерді анықтаймыз. Біріншіден, клиентелизм мен фаворитизм. Бұл сайлау мен тағайындау процесі барысында рутиндік байланыстар мен отбасы-құрылымдық ықпалының басымдығынан көрінеді. Басымдық бәсекелестік ортада «өзіме дос, жақын, туғандарға көмек» саясатының қалыптасуына әкеледі. Екіншіден, заңның әлсіздігі. Заң мен тәртіп қысымының жеткіліксіздігінен арам мен құлардың «аман қалу» тактикасы үстемдік етеді. Сондықтан қоғамда түсініксіз күмәнді арыз-шағым көбейеді. Үшіншіден, әлеуметтік бөліністің басымдығы. Ел ішіндегі бай мен кедей арасында туындайтын экономикалық теңсіздік саяси шиеленістерді күшейтеді. Сәйкесінше, әр топ «өзіне ғанатімді» шешімдерді іздейтіндіктен жалпыға ортақ игілікке назар аудармайды. Бұл пікіріміз Абайдың айтқан «қызметке таласқыш» типіндегі адамдар бейнесінің көрінісі іспеттес.

Үшінші қара сөзде «...билікке таластық. ...Бұл билік деген біздің қазақ ішінде әрбір сайланған кісінің қолынан келмейді...» тұжырымдарымен басқару бойынша өз пікірін білдіреді. Абай билікке сай келу үшін толымды-білімді қасиеттің болуы қажеттігін айтады. Демек, көпшілік дауысымен сайланған адам парасат, білім, тәжірибе, әділеттіліктің қыр-сырын білмесе, билікті дұрыс жүргізе алмайды. Сондықтан басқару ісі оңай шаруа емес, ол үлкен жауапкершілік пен рухани кемелдікті талап етеді.

Ұлы Абай билік категориясын тағы екі қара сөзінде қолданады. Жиырма екінші сөзінде «... Болыс пен биді құрметтейін десең, құдайдың өзі берген болыстық пен билік елде жоқ. Сатып алған, жалынып, бас ұрып алған болыстық пенен биліктің ешбір қасиеті жоқ...». Тұжырымда ақын биліктің ешбір ішкі мәні, қадір-қасиеті жоқ деп кесіп айтады және биліктің түпкі мағынасын ашуға тырысады. Осы өткір сыни баға билікті сатып алған адамға қоғам да, тарих та құрмет көрсетпейтінін білдіреді. Бұл ойдан шығатын қорытынды, шынайы билік әлеуметтік сенім мен жауапкершілікті жүктейді, ал жасанды биліктің беделі жоқ, тек сыртқы формальдық талаптарға ғана сай келетін бос лауазым. Отыз тоғызыншы сөзінде «... Ол екі мінезі қайсы десең, әуелі – ол заманда ел басы, топ басы деген кісілер болады екен. Көш-қонды болса, дау-

жанжалды болса, билік соларда болады екен...». Ақын бұл сипаттамасында «мінезді» бірінші орынға қояды, нақты тарихи тәжірибе негізінде билікті заңды, орнықты лидерлікпен ұштастырады. Демек, Абай басқарушылардың қиын сәтте елді басқару қабілетін жоғары бағалайды. Бесінші сөзінде Абай «... қазақ тыныштық үшін, ғылым үшін, білім үшін, әділет үшін қам жемейді екен, мал үшін қам жейді екен, бірақ ол малды қалайша табуды білмейді екен, бар білгені малдыларды алдап алмақ яки мақтап алмақ екен, бермесе оныменен жаулап екен...» дейді. Бұл пікірі адал жолмен емес, теріс

тыңдайды?» – деген сұрақ қояды. «Біреу – болыс, біреу – би» деп жауап береді. Ақыл – халықты тәрбиелеу, білім мен жаңашылдыққа шақыратын идея. Ақын сұрақтарды риторикалық формада береді: ұсынылып жатқан жаңа идеялар мен реформалар кімге жететіні белгісіз, оны қабылдайтындар да көмескі. Осы сұрақ-жауап құрылымы реформалар мен жаңа идеологияны тарату жолындағы басқару тетіктерін сипаттайды. Насихаттың сәтті болуы үшін ескі мен жаңаның үйлесімділігі қажет, ал олардың назарын аударту күрделі саяси мәселе екенін меңзейді. Бұл көзқарас он бірінші сөзде жалғасатын секілді: «...Әуелі –

міз. Тағы ескерер жайт, үшінші сөзінде сайлау туралы екі рет баяндайды.

Жиырма төртінші сөзінде ақын қазақ қоғамындағы бөліністер мен өзара қастықты сынап, ұлттық бірліктің жоқтығы, саяси ынтымақтастықтың әлсіздігін назарға алады. Ішкі тартыс пен сенімсіздік сыртқы саяси тәуелсіздікке апарып, өз жерімізді қорғай алмай қалу қаупі де айтылып тұрғандай. Ақынның негізгі идеясы ұлттық саяси сананы көтеру, өзара сенім мен тәртіпке негізделген қоғам құруға үндеумен байланысты. Рулық бөліністер, ішкі кек сақтау саяси әлсіздікке әкеледі, ұлттық мемлекет қалыптастыруға бөгет болады. Осы тұжырымдарымен Абай қазақты бірлік, тәртіп, саяси сананың жаңғыруына және ғылым, білім мен мәдениетті дамытуға шақырады. Демек, бұл пікірлер қазақтың ұлттық саяси бірегейлігі мен тәуелсіздігін сақтап қалудың, өз тағдырын өз қолына алудың саяси-философиялық бағдарламасы іспеттес.

Осы ойларымыздан Абай Құнанбайұлының «Қара сөздеріндегі» саяси идеялар қазақ қоғамының саяси, әлеуметтік және моральдық күйін терең талдауға бағытталған әрі бүгінгі күнде өзектілігі жойылмаған тұжырымдарды қамтитынын байқаймыз. Ақынның басқару, әділеттілік, заң үстемдігі, ұлттық бірлік пен рухани кемелдікке қатысты ойлары қазіргі Қазақстан қоғамы үшін мәнін жоймайды. Абай биліктің шынайы табиғатын, оның моральдық негізін ашып көрсетіп, жасанды биліктің, клиентелизм мен фаворитизмнің, жемқорлық пен әлеуметтік теңсіздіктің зиянын айқын сипаттайды. Сонымен қатар, реформалар мен насихат мәселесін, партиялық қатынастардың ішкі мәнін талдап, саяси сананың жаңғыруына және ұлттық тұтастықты нығайтуға үндейді.

Қорыта айтқанда, Абайдың саяси дүниетанымы ұлттық саясат философиясының іргетасы болып қала береді. Ұлы ақын көзқарастары – заманауи саяси процестерге сыни көзқарас пен парасатты ой қосудың үлгісі. Абай мұрасы ел басқаруда әділет пен даналықтың, ал халық тарапынан жауапкершілік пен бірліктің маңызын еске салады. Бұл – келешек ұрпақтың саяси мәдениеті мен ұлттық санасын қалыптастыруда таптырмас рухани-идеялық негіз.

Мұрат НАСИМОВ,
саяси ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті философия және әлеуметтік-гуманитарлық пәндер секциясының қауымдастырылған профессоры

«ҚАРА СӨЗ» hәм көзқарас



пиғылмен жиған байлықты көрсететіндей. Қазіргі заманғы сыбайлас жемқорлықтың белгілері де осы пікірге келеді. Кейбіреулер мемлекеттің ғылымы мен білімінің дамуы үшін жұмыс істемейді, қалтасын сол мемлекеттің берген ақшасын арам жолмен толтыруды көздейді. Өзгелер де осы кәсіппен айналысып жатыр, менікі жұрттыкіне қарағанда ештеңе емес қой секілді алдамшы өмірлері өтіп жатыр. Осылайша Абайдың теріс пиғылмен байлық жиюды сыңға алған пікірі қазіргі заманғы сыбайлас жемқорлық феномені мен мемлекет қаржысын өз пайдасына жымқырудың түпкі тамырын ашуға жәрдемдеседі және жоғары оқу орындары мен ғылыми мекемелерде адалдық пен этиканы қайта түлету қажет екенін көрсетеді.

Сегізінші сөзінде «...Осы ақылды кім үйренеді, насихатты кім

ұрлық, ұры ұрлықпен мал табам деп жүр. Мал иесі артылтып алып, тағы да байимын деп жүр...». Бұл ой кейін былайша дамиды: «...дауынды айтайын деп, қай көп бергенге партиялас боламын деп, Құдайға жазып, жатпай-тұрмай салып жүріп басын, ауылын, қатын-баласын сатып жүр...». Жалпы ұлы ақын партия ұғымын үшінші сөзінде екі рет, он бірінші сөзінде бір рет айтқан екен. Осы құрылымды негізге ала отырып, Абайдың «Әуелі – ұрлық...», кейін «партиялас боламын...» ойының астарында қоғамның саяси конъюнктураға бейімделу үрдісін сыңға алатындай. Сонымен қатар, үшінші сөзінде «партияның» топтық іс-әрекетінің әлеуетіне назар аударарды, он бірінші сөзінде ұрлық түсінігімен сынайды. Осы ойларынан ақынның идеяларды таратудағы басқарушылық тетіктер мен қоғамдық сана туралы терең саяси түсінігін көре-



ҰЛЫЛАРДЫҢ ҰЛЫСЫ

Қазақ сөз өнерінің алыбы, ғұлама, ақын, ағартушы Абай Құнанбайұлының 180 жылдығы елімізде кең ауқымда аталып өтуде. Бүгінде ақын шығармалары әлем халқына танылған. Соның ішінде қара сөзбен жеткізген терең философиялық ой-тұжырымдары бүгінгі уақытпен де үндеседі.



Айтулы іс-шара аймақ көлемінде жалғасын тауып, жас оқырмандар ақын жырларын жарыса насихаттауда. Соның бірі, «Талсуат» ауылдық округі әкімдігі мен қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің қолдауымен ұлы ойшыл, ақын Абай Құнанбайұлының 180 жылдығына арналған облыстық көркемсөз оқу шеберлерінің байқауы болды.

Байқауды «Талсуат» ауылдық округінің әкімі Е.Бейсенбаев пен Қызылорда қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Ж.Тажмаханов ашып, Мемлекет басшысы қолдау танытып отырған ақын тойының елдің рухын көтеруге бағытталған маңызды іс-шара екенін атап өтті.

Абай өлеңдерін оқыған жастар ақынның түпкі ой-толғанысын жеткізуге тырысты. Байқау қорытындысымен, Қазалы ауданы Абай ауылынан Аида Сазанбай бас жүлдені иеленсе, I орынды «Талсуат» ауылынан Нариман Талғат, II орынды қазалылық Нұрасыл Әділбекова, III орынды Жалағаш ауданы «Жаңадария» ауылынан Әли Рысбек иеленді.

Осы күні қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі мен шаһар іргесіндегі кент,

ауылдық округтердің бірлесе ұйымдастыруымен «Абай күні – Абай ауылында» атты әдеби-музыкалық кеш өтті.

Кештің ашылуында сөз алған қалалық мәдениет бөлімінің басшысы Жағыпар Тажмаханов қазақ тарихында, әдебиетінде, жалпы руханиятында айрықша орны бар ақын, ағартушы, ғұлама Абай мұрасын халық арасында насихаттаудың маңызы зор екенін атап өтіп, осы айтулы іс-шараға атсалысып жатқан барша қауымға алғысын білдірді.

Абай ауылының шетіндегі көл жағасында ұйымдастырылған кеште ақын шығармашылығы әрі қарай насихатталып, тыңдаушыларын тәнті етті. Айталық, «Талсуат» ауылында өткен көркемсөз шеберлері байқауының жеңімпаздары ақынның әр тақырыптағы өлеңдерін оқыса, мәдениет үйлерінің өнерпаздары «Көзімнің қарасы», «Айттым сәлем, Қаламқас», «Бойы бұлған», т.б. әндерін шыркады. Әсіресе, «Желсіз түнде жарық ай» әні кешкі табиғат көрінісімен үйлесіп, көрермендер көңіліне ерекше әсер етті. Сонымен қатар, жас ақындар айтысып, ақын болмысын жырға қосты.

Ғазиза ӘБІЛДА,
«Сыр бойы»



Өнер, білім, өсиет бәрі Абайда

*Абай – барша қазақтың ұлы ағасы,
Кемел ойлы кемеңгер ғұламасы.
Алаш барда Абай да мәңгі бірге,
Аның оның тұғырдан құтамасы.*

*Абай – биік Алаштың асқар шыңы,
Баршаны болашаққа бастар шыңы...
Байыппен баурайына барған сайын,
Аыла түсері аның астар шыңы...*

*Не іздесең табасың, бар Абайда,
Өнер, білім, өсиет бәрі Абайда...
Қалаңғың келсе өмірде кірпіш болып,
Арланбай ақыл сұрап бар Абайға!*

*Қалған мұра баршылық бізге Абайдан,
Бірлік пен ынтымақты ізде Абайдан!*

*Ойшылдың өсиетін есте ұстап,
Ешқашан үмітіңді үзбе Абайдан!*

*Ұқпаң жөн данышпанның дара сөзін,
Өсиет өлеңдер мен қара сөзін...
Қанағат, талап, еңбек, терең оймен,
Қажеттің бәрі осында, қара көзім!*

Қазыбек ӘШІРБЕКҰЛЫ

АБАЙ МЕКТЕБІНІҢ барлық оқушысы ақын өлеңін жатқа біледі

Бұрын «Мұрагер» аталған іргелі білім ошағы 2020 жылы республикадағы Абай желілік мектептер құрамына енді.

– Мектебімізде Абай шығармаларын тереңдетіп оқытатын гуманитарлық сыныптар ашылды. Осыған дейін көптеген факультативті, онлайн сабақ ұйымдастырылды. Өткен жылы 1-11 сынып оқушылары мен жалпы ұжымды оқыту бағытында жоспар құрылды. Жоспар аясында әртүрлі іс-шаралар, оның ішінде тоқсанына бір рет Абай шығармашылығына арналған сайыстар өтіп тұрады. Биыл Абай өлеңдерін жатқа оқудан 9-сынып оқушысы Назым Бөлекбай қалалық деңгейде I-орынға ие болды, – деді қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Ләззат Өмірзақова.

Мектепте көрнекті ақын шығармашылығы кеңінен насихатталады. Бірінші сынып оқушысының өзі Абайдың кемінде бір-екі өлеңін қағазға қарамай нақышына келтіріп айтады. Соның бірі – кеше ғана мектеп табалдырығын аттаған Еркеназ Бөлекбай. Бүлдіршін бізге «Ғылым таппай мақтанба» атты өлеңді бастан-аяқ мәнерлеп оқып берді.

10-сынып оқушысы Дидар Шуақбаев та – сөз қадірін жете ұғынатын дарынды балалардың бірі.

– Біз ақын өлеңдерін санамызға тоқып, өмірде қолдануға тырысамыз. Ол бізге өмірден өз орнымызды табуға көмектеседі. Оқушылар Абай өлеңдерін тілмен емес, жүреппен айтып, құлақпен емес, жүреппен тыңдап, жүрген жерінде дәріптеуге күш салады.

«Көп емес-ау саған артар міндетім, Ең бастысы, өзіңе-өзің жүр жетіп. Бір өлеңін жатқа оқысаң Абайдың, Сол болады елге деген құрметің» дегендей, Абай атамызды құрметтеу – күллі қазақты құрметтеу деп білемін, – деді ол.

Оқу орасында сөз зергерінің 100-150 өлеңіне дейін жадында сайрап тұрған шәкірттер аз емес. Солардың бірі – 11 сынып оқушысы Бағдәулет Тәуекелұлы.

– Менің қорымда соның 100-ге жуығы бар. Мектебімізде Абай Құнанбаевтың шығармашылығына арналған іс-шаралар, оның ішінде театрландырылған қойылымдар, мәнерлеп оқу байқаулары жиі өтіп тұрады. Осыған дейін халықаралық конференция аясында театрландырылған көрініс қойылып, онда мен Құнанбайдың ролін сомдадым. Республикалық байқауда 2-орын иелендім. Біз әрдайым әлем таныған Абайды мақтан тұтамыз, – дейді ол.

5-сынып оқушысы Алтынбек Нұрали хакім Абайдың 20-ға жуық өлеңін жатқа біледі.

– Ұстазым Ақбаян Исламқызы бізге көп нәрсе үйретті. Сол кісінің жетекшілігімен мектепшілік жарыстарға қатысып, топ жарып жүрмін. Ақынның әр өлеңін жүреппен ұғуға тырысамын. Мен оның есімі қазақ барда мәңгілік жаңғыратынына сенемін, – деді оқушы.

Балалардың осылай бірінен-бірі озып тұрғаны ұстаздар еңбегінің арқасы екенін топшылау қиын емес. Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Айзат Қалыбайқызы өзі де мектепте оқып жүргенінде Абайдың 180 өлеңін жаттап алған. Талай жыр додасында тұғыр биігінен көрінді. Мектепте еңбек етіп келе жатқанына биыл жетінші жыл. Онысы өмір жолында рухани азық, шәкірт тәрбиелеуде бағдаршам бола білді.

– Абай шығармашылығын өзін сабақ беретін сынып оқушыларына үнемі насихаттаймын. Абайды қайталап оқыған сайын оны жаңа қырнан танысым. Мәдениетінді, білімнің мен болмысыңды жетілдіргің келсе, Абайды оқудан жалықпау керек. Ақынның әр өлеңі, қара сөзі мен аудармасынан онегі алуға болады. «Базарға, қарап тұрсам, әркім барар,

Іздегені не болса, сол табылар. Біреу астық алады, біреу – маржан, Әркімге бірдей нәрсе бермес базар» деген төрт шумағының өзінде философия тұнып тұр. Оқушылар көбіне мұны тура мағынасында түсінеді. Негізі бұл жерде «базар» деп халықты, өмірді мензеген, яғни оқудан, ізденуден жалықпаған адам өмірдің базарынан өзіне керекін алады, – дейді Айзат Қалыбайқызы.

Мектепте Абай шығармаларын мәнерлеп оқыту үйірмесі жұмыс істейді. Жетекшісі Сандуғаш Ибрашева ақынның рухани мұрасын жаңғырту жалғыз мерейтоймен шектеліп қалмайтынын, үзіліссіз жалғасатынын айтады. Ол өз шәкірттерінің арасынан 6-сынып оқушысы Раяна Әлидің ақынның 50 өлеңін жатқа білетінін мақтанышымен жеткізді.

Назерке САНИЯЗОВА,
«Сыр бойы»



МӘҢГІЛІК МҰРА

Қазақтың жазба әдебиетінің негізін қалаушы Абай шығармаларын там-тұмдап болса да зерттеу, мұрасын бағалау жайы Қазан төңкерісіне дейін басталғаны мәлім. Содан беріде данышпан ақынның мұрасы үздіксіз зерттеліп келеді.

Бүгін қазақ халқының ұлы ақыны, ағартушы, философ, сазгер, саяси қайраткер Абай (Ибраһим) Құнанбайұлының 1909 жылы Петерборда басылған жинағы Сыр өңіріне қалай жеткені және 1933 жылы жарық көрген тұңғыш толық жинағының Қызылорда қаласындағы баспаханадан басылып шыққаны туралы айтпақпыз.

Абайтанушы ғалымдар халықтың көкейкесті арманын жырлаған ұлы ақынның көзі тірісінде кейбір шығармаларын өз атынан жарияламағанын, біреудің атынан, кейде тіпті аты аталмай-ақ, халықтық шығарма ретінде бірден-бірге көшу арқылы таралғанын айтады.

Абай Құнанбайұлының әдеби мұрасын жинақтап, бастыру ісімен ұлы ақын дүниеден озған соң інісі Кәкітай мен баласы Тұрағұл айналысады. Ақын көзі тірісінде шығармаларын кітап түрінде жинақтамағаны мәлім. Өлеңдері ел аузында жатталып, ал қолжазбалары толық сақталмаған. Сондықтан да ақын мұрасын жинақтау ісінде көптеген қиындық туындаған.

Кәкітай мен Тұрағұл Құнанбаевтарға ұлы ақынның қолжазбасын жинақтап, баспаға дайындауды тапсырған адам Әлихан Бөкейханов болатын. Әлиханнның ақылымен ақын ұрпақтары – Кәкітай мен Тұрағұл 1905 жылы жазға салым өлеңдер

мен қара сөздерді түгендей бастайды. Олар Абай мұрасын ел ішінен тіркетеіп жинап, тапқандарын қағаз бетіне түсіруді Мүрсейіт молдаға тапсырады. Мүрсейіт – Абай ауылында бала оқытқан, ақынның тапсыруымен кейінгі жылдары өлеңдерін жазып алып отырған адам.

Айта кетейік, Мүрсейіт бұған дейін өлеңдерге сұрау салған адамдарға көшіріп беріп отырған. Абайтанушы ғалымдардың айтуынша, Мүрсейіт қолжазбалары – халықты ақын шығармашылығымен таныстыратын негізгі нұсқа. Бұл маңызды шаруа 1904 жылдан басталып, 4-5 жылға созылады. Ақыры, асыл қазына 1909 жылы Петербор қаласында Ильяс Бораганский баспаханасынан басылып шығады. Бұл қазақ даласы үшін маңызы үлкен оқиға болды. Ұлы ақынның асыл ойлары мен толғаныстарының, ізгі жаны тебіренуінің

аса бір қымбатты нәтижесіндей болған кітап тарихи тұрғыдан қарағанда қазақ халқының рухани мәдениетінің жиынтығы еді.

Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы өз мақаласында: «Абай сөздері дүниеде қалғаны – қазаққа зор бақ» деп жазған еді. Енді Петербор баспаханасынан Кәкітай мен Тұрағұл Құнанбаевтар шығарған ақынның тұңғыш өлеңдер жинағы Сыр бойына қашан және қалай келді, оны кім алдырды деген сауалға келейік. Көрнекті ғалым Әуелбек Қоңыратбаев: «Қалжан Қоңыратбаев 1909 жылы Тұрағұл мен Кәкітайға хат жазып, Петерборда басылған Абай жинағының 200 данасын Сыр еліне алдыртады. Өзі де Абай поэзиясының әсерімен өлеңдер жазып, жариялайды» деп жазады «Керуен» атты естелік кітабында. Сөз соңында М.Әуезовтің басылымы

ғымен жарыққа шыққан ұлы ақынның тұңғыш толық жинағының Қызылорда қаласындағы баспаханадан басылып шыққаны атап өткіміз келеді. Иә, қазақ жұртында жаппай апаршылық болып жатқан қиын-қыстау кезеңде М.Әуезов пен І.Жансүгіровтің құрастыруымен Абайдың тұңғыш толық жинағы 1933 жылы Қызылорда қаласындағы «Қазақстан» баспасынан шыққан.

Абай шығармаларының бұған дейінгі үш басылымы (1909 жылғы Петербор, 1922 жылғы Ташкент және Қазан басылымдары) тыс жердегі баспаханаларда жарық көрген еді. Демек, Абай шығармаларының 1933 жылғы Қызылорда қаласында басылуы қазақтың өз жеріндегі өз баспаханасынан алғаш шыққан кітабы ретінде тарихтан алар орны бар.

Е.ДӘУІР

www.facebook.com/syrboyi.kz/

Меншік иесі
СЫР МЕДИА

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Марат АРАЛБАЕВ
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)
БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

https://twitter.com/syrboyi

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
КР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015)
«Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АҚ» - ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

www.instagram.com/syrboyi.kz

Газет аптаның сейсенбі, бейсенбі, сенбі (сенбілік екі нөмір) күндері шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.